

## Ғұлама

*«Профессор Әуезов өте шешен лектор болған деседі. Осы туралы не айтар едіңіз?»  
(Университет студенттерінің сұрағынан)*

Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек.

Университет - адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгі-бақи маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет - елдің есеюі. Университетсіз ел парасат жағынан бір түрлі олқы соғатын, орта жататын тәрізді.

Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті.

Міне, ҚазГУ-дің оқу үйлері - ондаған залдар, жүздеген аудиториялар... Сонау бір жылдарда осынау оқу үйлерінің бірінен біріне қарай баппен аяндап, жарқыраған кең маңдайын кере ойланып, біртуар данаға ғана біткен ұлан-ғайыр энциклопедиялық білімі дүниенің «төрт бұрышын» түгел таңырқатқан ғұлама ғалым келе жатар еді. Әрқашан тұңғыық ақыл тұнып тұратын қара мөлдір көзінің қиығын кенет ұшқындата күлімсіреп, орындарынан дүркірей тұрып сәлем берген көп шәкіртке райлана бас изеп, кемеңгер ұстаз аудиторияға кірер еді. Төрдегі стол жанына жайғасып отырған соң мол денесін мойнымен бірге бұрып, аудитория ішін бір шолып шығар еді де, қабырғада ілулі тұрған Абай суретіне азырақ көз тоқтатар еді:

- Бәлі, мынау Абайдың өзі емес, Абай роліндегі Қалибек Қуанышбаев қой.

Шәкірттер ду күледі. Мұхаң күлмейді, қабағын паң, кербез шытып, тамағын кенейді:

- Күлген жақсы, бірақ орнымен күлу шарт. Мен әлгі сөзді сендер күлсін деп айтқам жоқ. Суретшінің Абай деп салып жүргені Абай роліндегі артист болса, оған күлгеннен гөрі қынжылған дұрысырақ шығар.

Шәкірттер дереу қынжыла қоймағанмен, күлкілерін пышақ кескендей тыяды.

- Кеше мен театрда болдым. Кейде біздің көрермен де бала секілді, Күлмеске күледі. Спектакльде ешқандай күлкілі хал жоқ. Сахнада образ жасаудың орнына әшейін одырандап ойнап жүрген дарынсыз біреу құр далбасалап, аузы-мұрнын қисандатса, зал толы жұрт ду-ду күледі. Сондай күлкі бола ма екен? Қытықтап күлдіру ғой оның аты... Сәби бала болмаса, естияр адам қытықтағанға күле ме екен? Ал енді бар ма, осыған өзіміз кінәліміз. Енді өзіміз түзеуіміз керек осыны... Зрительді биік мәдениетке, дұрыс талғам мен талапқа өзіміз тәрбиелеуіміз қажет. Театрдағыларға осыны ескертіп кеттім.

Қайран Мұхаң... Тиіп кеткен жері тәрбие, үлгі, өнеге болатын. Әлгі сөзден кейін аудитория арзан күлкіні қайтсін? Енді жым-жырт, тып-тыныш. Дәл осы тұста профессор Әуезов лекциясын бастайды.

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз - Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..

«Абай» романының «Тайғақта» деген тарауы естеріңізде бар ма? Абай кітап оқып отырады: «Парсы, түркі кітаптары оны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді. Самарқанның мазар, ғимараттарына қадалтады. Мерв, Мешхедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын самал хауыздарына әкетеді. Нелер ықылым замандар бойы асфәһани қайқы қылыштары тынымсыз тайталаспен қарш ұрысып өткен араб, парсы, түрік, моңғол тарихынан да көп-көп көңіл тартады. Осылардан бірауық орысша кітапқа түскенде Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шөл-құмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады...»

Профессор Әуезовтің лекциясын тыңдаған шәкірт әрқашан дәл осы халде - шежіре сырына үңілген Абайдың халінде отырады десем, артық айтқаным емес.

Қанатты кісі еді ғой, шабытсыз сөйлемейтін. Көл-көсір білім, ақыл, ой шәкірттерін әлдебір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, әлдеқайда алысқа, биікке көтеріп әкететін. Әр шәкірт сөз өнерінің қиян-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге маңып, аспандай кең әсемдік әлемінде самғап, парлап кете баратын. Мұхандай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емеспін. Мінбеде, не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі - Мұханды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені, ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзде де ғаламат суреткер болатын.

Алысқа шабатын жүйрік, алдымен, біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой. Сол секілді, Мұхаң да басында біраз барлау жасағандай немесе неден бастауды ойлағандай қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау тұратын да, бірер минуттан кейін нәсерлете жөнелетін. О, енді бітті... Енді сіз уақыттың өткенін білмей қаласыз, шешеннің ой ағымымен жер-дүниені шарлап кете барасыз.

Шешендік кейбіреулердің ұғымындағыдай әшейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе. Мұханның шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр. Әйтпесе, күрмеуге келмейтін қысқа жіп секілді тақ-тұқ тапшылық пен жоқшылықтан шешендік туар ма?

Шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады.

- Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс, - дейтін Мұхаң, - қанат болғанда, жай емес, парлап ұшатын қанат болуға тиіс. Әйтпесе, қанат тауықта да бар. Бірақ, тауық пен бүркіттің қанаттарында біраз айырма бар-ды. Демек, шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуға тиіс.

Мұхаң филология, журналистика факультеттерінде қазақ фольклоры мен Абайтанудан лекциялар оқыды.

- Тегінде, әдебиеттен сабақ беретін әр адам, - дейтін Мұхаң, - өз Сабағын шын мәніндегі эстетикалық сұлулық биігіне көтеріп әкетуі шарт.

Лекторлық шешендікті Мұхаң осы тұрғыдан түсінетін.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..

Сөз өнерінің інжу-маржаны, қазіргі қазақ әдебиетінің шыңы - Шекспир мен Гете, Бальзак пен Достоевский, Толстой мен Шолохов шығармалары секілді бүкіл әлемдік классикаға айтулы үлес боп қосылған «Абай» эпопеясын туғызған Әуезов Мұхтар өзінің ұстаздық ісін көркем сөз ұстасы ретіндегі суреткерлік қызметімен қатар қоймаса, төмен қоймайтын.

- Ұстаздық - ұлы нәрсе! - дейтін ол.

Адам бойындағы көп қасиеттің түп төркінін Мұхаң тәрбиеден іздейтін. Ең жеңілі, адам мінезіндегі ұят пен ұяндықты да ол, негізінен, тәрбиеге байланыстыратын. Өзі қатысқан жиын-жиналыстарда жұрт алдына шығып, ой қозғап, пікір айтпақ болғандардың сөзінен әлдеқалай дәрекілік не дөкірлік байқаса, оқыс сұрлана қап:

- Бәлі, тәрбиесі кемшін, жетесіз де көшесіз бейшара екен-ау, мынау, деп, оны әрі аяп, әрі айыптап отыратын.

Байқайсыздар ма: «жетесіз де көшесіз...» Мұхаң асқан шешен кісі болғасын ба, кім білсін, әйтеуір ауыз екі айтқан ойларында ғана емес, жазып-жариялаған эсселері мен сын пікірлерінде де сөздегі саздылыққа, үндестікке көп мән беретін: «үдей басатын, алғыдан асатын», «сын шын болсын, шын сын болсын»... «Мәлік Ғабдуллинге жауап хаттың» тек бір абзацының өзінде «сілтегені перизат, сермегені адамзат», «жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын қалам жоқ» деп қайта-қайта есіле сөйлесе, мен қазақшалаған бір мақаласындағы бір орысша орамды «Не аңғарар еді? Неге танданар еді?» деп, әдейі әндетіп аудартқаны әлі есімде.

Ұстаздан бәрін үйреніп, оған біресе еліктеп, біресе солықтап, оның мәнер-машығын ауызша-жазбаша аудармай қайталап жүрсе де, ұстаз ірілігіне ревизия жасағыш жекелеген желбуаз, судырақ-сымпыстар бар. Оларға Мұхаңның әлгі секілді прозадағы поэзиясы ұнамайтын көрінеді. Ұнамаса, не сипақтайтыны бар, бұлайша сөйлемесе, жазбаса бітіп жатқан жоқ па?!

Задында, аға алдында кішілік керек. Адам алдында кісілік керек. Ұстамдылықты Әуезов шәкірт қана емес, ұстаздан да қатал талап ететін.

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға.

Абайдың осы өлеңін Әуезов нағыз ұстаздың болмысы мен бітімі деп түсінуші еді...

Академик Әуезов дүние саларынан алты ай бұрын - 1960 жылғы 24 желтоқсан күні университет студенттеріне арнап, жастардың жарқын

болашағы туралы толғамды ой қозғап, түйінді сөз сөйлегені мәлім. Ұлы ойшылдың кейінгі ұрпаққа арнаған соңғы сөзі - өсиеті секілді екен-ау. Оны соңынан білдік қой.

Содан бері астана жастары жыл сайын 24 желтоқсан күні бір кезде профессор Әуезов ұстаздық еткен осынау шұғылалы білім ордасының салтанатты кең залында бас қосып, Мұхтар Омарханұлын өз көздерімен көрген замандастар аузынан ғалым-жазушы жайлы естеліктер тыңдауды игі дәстүрге айналдырған. Студент-жастар бүгін де міне, сондай дәстүрлі кешке жиналып отыр. Бұл - саналы ортаға, сауатты ұрпаққа тән сұлу мінез.

Бүгін сіздердің алдарыңызда жазушы-ғалым Мүсілім Базарбаев, артист Байғали Досымжанов Мұхаң туралы естеліктер айтады.

Өз басым Мұхаңнан бес жыл оқыдым, Мұхаңмен он жыл бір кафедрада бірге қызмет істедім. Шәкірті ғана емес, туған інісі, яки баласы секілді бауырында жүріп, аса ыстық ағалық, яки әкелік мейірімін көре қалған жайым бар. Мұхаң туралы ойларымды ауызша айтудан гөрі жазып-жариялауды дұрыс көремін. Ол - келешектің ісі. Осы орайда, дәл осы арада бір пікір айта кету артық емес-ау деймін.

Мұхаң жайлы жұрт қазір жабыла жазып жатыр. Жазбалардың көбі - естеліктер.

Үлкен кісі туралы естелік жазу, әрине, орынды. Тек осыған аса жауапкершілікпен қараған жөн. Әйтпесе, бағзы бір естеліктерден Мұхаңның өр тұлғасы, өзгеше болмыс-бітімі көрінудің орнына, естелік авторының өз қалпағы қылтындай берсе, бұған қынжылмасқа болмайды.

Мұхаңды көре қалғандар көп. Мұхаң жайын біз де біраз білетінімізді ескерттік. Бірақ біз соны айтуға жүрексінеміз, тіпті ұяламыз. Енді қайтейік. Мұхаң - жеке адамның ағасы ғана емес, күллі халқымыздың сүйікті баласы. Ал халық ұлына көзқарас әркімнің өз шоқысынан емес, баршаға ортақ биік мұнарадан белгіленер болар.

Демек, Мұхаң жөнінде жазу көп адамдар үшін әлі ертерек. Сондықтан біз бұл тұста «Қазақфильм» түсірген «Мұхтар аға» деген киноның сценарийін жаздық та, әзір тоқтай тұрдық: ұлы жазушының жетпіс жылдығына біз тараптан тарту сол - «Мұхтар аға».

Дей тұрғанмен, университет студенттерінің бір сұрағы болмаса бір сұрағына жауап бермеске және болмады. Олар әрқашан ұлы жанның үлгісін, өнегесін білуге құштар.

Үлгі демекші, Мұхаң секілді алып тұлғаның күні кеше арамызда болғанының, тірілермен бірге тіршілік етіп жүргенінің өзінен артық қандай үлгі бар?

Мұхаң - әрі жазушы, әрі ғалым, әрі ұстаз, әрі қоғам және мемлекет қайраткері... Ол осының бірде-бірінде осалдық көрсетпеген, бәрінде де орасан күшті, бәрін де қатар және тең ұстаған кісі. Бұл ғажайып бүтіндіктің, «сегіз қырлы, бір сырлылықтың», Абайша айтқанда «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімнің» үлгісі болатын. Демек, шешендік - Мұхаңның көп қырының тек бірі ғана.

Бір жолы маған Шыңғыс Айтматов қалтқысыз дос көңілден мынадай бір қызық «күпиясын» әзіл аралас сыр ғып айтты:

- Мұхаң үйімде қонақта болған. Кемеңгердің қасиетінен бірдеңе дарыса игі еді деп, Мұхаң отырған креслоға кіші ұлымды аунатып алдым.

Мұхаңның көзі тірісінде Шыңғыс мұны, әрине, еркелеп, ойнап істеді. Мұхаңның өзі де «Шыңғыс сөйтті» деп рахаттана күліп отыратын. Қазір осы қылыққа ойын ретінде емес, ой көзімен қараған орынды секілді: шырақ-ау, Мұхаңның бір сәттегі орны адамды осындай ыстық ықылас-пейілге бейімдесе, Мұхаң жарты ғұмырын өткізген университет - күні кешеге дейін Мұхаңның майда қоңыр үніне бөленген, Мұхаңның дариядай шалқыған ақыл-парасатына кенелген аудиториялар қандай кемелдікке меңзейді десеңізші. Бұл шындықтың университеттегі әрбір ұстазға да, шәкіртке де айрықша жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз.

1967